

Транзитке қойылатын жаңа талаптар

СҚО бойынша МКД басшысының орынбасары Р. Рақымберді

2018 ж. 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың кеден (Одағының) кодексі және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу Туралы" жаңа Кодексі күшіне енді.

Осы кодекстердің бір жаңалығы ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы, ЕАЭО кедендік аумағының бір бөлігінен басқа бөлігіне тасымалданатын, Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) тауарларына қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімін (КТКР) қолдану, аяқтау және тоқтату ерекшеліктеріне сәйкес белгілеу болып табылады.

ЕАЭО Кедендік кодексінің 302-бабының 3-тармағының нормативтік ережелеріне сәйкес кеден Одағының тауарлар үшін оларды Одақтың кедендік аумақтың бір бөлігінен Одақтың кедендік аумақтың басқа бөлігіне, Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе)теңіз арқылы тасу (тасымалдау) кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастырылуға жатады.

ЕАЭО КК 304-бабы кеден Одағының осындай тауарларға қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімінің қолдану, аяқтау және тоқтату ерекшеліктерін қарастырады.

Көрсетілген баптың 5 - тармағының 1) тармақшасына сәйкес кеден Одағының тауарларын кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыруға байланысты кедендік операциялар, егер тауарлар темір жол көлігімен тасымалданатын болса, кеден Одағының тауарларын қызмет өңірінде жөнелтуші бар, кеден органдарында жасалады.

Мысал үшін айта кету керек, солтүстік қазақстандық кәсіпкерлер осындай жағдайға өз өнімдерін Ресейдің Калининград облысына немесе Қырғызстанның Ош облысына жөнелту кезінде тап болады.

Осындай норманы қабылдау мақсаттары, кеден Одағының кедендік тауарлардың ЕАЭО аумағынан кету орындарында орналасқан шекаралық өткізу пункттерінде жиналатын көлік құралдарының талпынысын болдырмау үшін, сол арқылы шекараның өткізу қабілетін ұлғайтып және жылжымалы құрамның тұрып қалу уақытын азайту.

Атап өту қажет, көп жылдық жұмыс тәжірибесі барысында сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларында белгілі бір стереотиптер қалыптасты. Атап айтқанда, солтүстікқазақстандық жөнелтушілер осындай типті транзитті ресімдеу, тікелей ЕАЭО шекарасында сәтті өтуіне үйреніп үлгерді.

Қазіргі уақытта көлік құралдарының шекарадағы өткізу пункттерінен кері жіберушінің мекен-жайына қайтаруды болдырмау үшін, мемлекеттік кіріс органдары әрбір СЭҚ қатысушыға, барлық көліктік-экспедиторлық ұйымдардың және тасымалдаушы кәсіпорындардың одақтық және ұлттық кеден заңнамасының жаңа нормативтік ережелерін түсінуіне шақырады және мүдделі тұлғалардың ЕАЭО КК 304-баптың 5-тармағының ережелерін Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы, Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен басқа бөлігіне транзитпен тасымалданатын кеден Одағының тауарларын алдын ала декларациялау бөлігінде қатаң түрде сақтауға шақырады.